

Шет ауданы аумағында тұратын 1992 жылы туған азаматтарды 2009 жылғы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданының әкімінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 01 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 8-17-70 тіркелді. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 8-4/474 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011.04.12 N 8-4/474 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын іске асыруда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып, Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1992 жылы туған азаматтарды Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстары 2009 жылдың қаңтар-наурыз айы аралығында жүргізілсін.

2. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы Н . **Ә б д і к е ш е в к е :**

1) Аудандағы ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс беру тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау әкімінің орынбасары Ю. **Б е к қ о ж и н г е** жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін заң күшіне енеді.

Шет ауданы әкімінің *Бекқожин Юржан*

міндетін атқарушы *Асанұлы*

Келісілді:

Шет ауданының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы *Н.Н. Әбдікешев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК